

**Ақмола облысы денсаулық сақтау
басқармасының жанындағы
«Көпбейінді облыстық аурухана» ШЖҚ МКК**

**Көпбейінді облыстық аурухананың
2025 жылға арналған негізгі
ұйымдастыру іс шараларының
жоспары**

Көкшетау қ., 2025 ж.

**«Көпбейінді облыстық
аурухана» ШЖҚ МКК Бақылау
кеңесінің төрағасы
Э.Т. Жармухамедова**

**«Көпбейінді
облыстық аурухана»
ШЖҚ МКК директоры
Н.К. Жаров**

2024 ж. «30» желтоқсан

2024ж. «30 желтоқсан»

**Көпбейінді облыстық
аурухананың
2024 жылға арналған
негізгі ұйымдастыру
іс-шараларының жоспары**

Көкшетау қ., 2025 ж.

Біздің миссия - зияткерлік деңгейі жоғары капиталға, заманауи жабдықтар мен инновациялық технологияларға негізделген мамандандырылған және жоғары технологиялық колжетімді медициналық көмекті көрсету.

Біздің көзқарасымыз - Қазақстан Республикасында мамандандырылған және жоғары мамандандырылған көмек көрсетудің тиімді жүйесінің негізі ретінде тәжірибе, ғылым және білім берудің сапалы интеграциясы бар солтүстік өңірдің көшбасшы медициналық ұйымы.

Біздің қағидаларымыз:

1. қызметтің заңдылығы мен адалдығы – біз еліміздің, өңірдің денсаулық сақтау саласын жаңғырту мен дамытудың жалпы стратегиясы шеңберінде әрекет етеміз. Біз өз уәделерімізді әрқашан орындаймыз, клиенттерімізбен және серіктестерімізбен ашық және адал жұмыс жасаймыз.

2. пациентке күтім жасау – біз пациенттерді тексеру мен емдеудегі сабақтастықты сақтаймыз, жеке және кешенді тәсілді қамтамасыз етеміз, көмекке жүгінген кез-келген жағдайда сөзбен немесе іспен көмектесеміз, сонымен бірге пациент алдағы уақытта біздің емдеу ұйымын туысқандарына, жақындарына және таныстарына ұсынғысы келетіндей жайлы жағдай жасаймыз.

3. технологиялық – біз ең заманауи жабдықтарды үнемі сатып алып отырамыз, ғылым мен техниканың озық жетістіктерін, сондай-ақ кепілдендірілген жоғары сапалы емдеуді қамтамасыз ету үшін тиімді емдеу әдістерін қолданамыз.

4. қызметкерлердің жоғары біліктілігі – медициналық көмектің сапасы әр маманның кәсібилігіне байланысты. Біз әрбір қызметкердің кәсіби дамуына мүдделілік танытып отырмыз. Біз әрбір қызметкер аурухананың сәтті дамуына қызығушылық танытып, өзінің жеке жетістігін ортақ ісіміздің сәттілігімен байланыстыратынына сенімдіміз.

5. корпоративтік – біз жеке және ұжымдық шығармашылықты ынталандыратын және қызметкерлер мен көшбасшылық арасындағы өзара сенімге, құрметке ықпал ететін корпоративтік мәдениет пен этиканы дамытамыз. Біз ұжымымыздың әрбір мүшесінің өз жұмысынан толық қанағат сезінуіне және Ақмола облыстық ауруханасында жұмыс істегені үшін мақтаныш сезімін ұялатуға ұмтыламыз.

- **көшбасшылық** – біз көшбасшылықты дамытып, ынталандырамыз, өйткені бұл барлық қызмет салаларында Көпбейінді облыстық аурухананың тұрақты дамуы мен жетілуінің басты өлшемшарты.

**2024 жылдың 12 айында «Көпбейінді облыстық
аурухана» ШЖҚ МКК бойынша негізгі ұйымдастырушылық
іс-шаралар жоспарын орындау.**

«Көпбейінді облыстық аурухана» ШЖҚ МКК (бұдан әрі - КОА) 2024 жылы бекітілген ұйымдастырушылық іс-шаралар жоспары бойынша жұмыс істеді.

КОА 252 дәрігер, 3 медицина ғылымдарының кандидаты жұмыс істейді. Оның 67-сі санатталған, 26,6% - ы. Жоғары - 42, бірінші - 16, екінші - 9, жасақталу - 67,3%, қоса атқару коэффициенті -1,5. Орта медициналық қызметкерлердің саны – 663, санатталған - 230, - 34,7%. Жоғары - 167, бірінші - 37, екінші -26.

2024 жылғы жоспарға сәйкес біліктілікті арттыру циклдарында - 60 дәрігер, 108 орта медициналық қызметкерлер оқытылды.

2024 жылдың 12 айында мемлекеттік тапсырыс бойынша 27 300 пациент емделді, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 713 пациентке артық, өсім 2,7%; ауруханада болудың орташа ұзақтығы 11,5-тен 8,1-ге дейін төмендеді; төсек-орнының айналымы 38,5 құрады; төсек-орнының жұмысы 310,2; орындау пайызы 102,5% (86,1% - 2023ж), өлім - жітім-1,2% құрады. Операциялар саны – 11281, хирургиялық белсенділік - 75,3%.

Перинаталдық орталық барлығы 8124 пациентті шығарды, бұл 2023 жылға қарағанда 261 пациентке аз, төсек-орнының жұмысы - 296,5; тиісінше орындалу пайызы - 98% жетті, 5 науқас қайтыс болды (2023 жылы - 13), өлім-жітім 0,1 (2023 жылы - 0,2). Перинаталдық орталықта есепті кезеңде 3384 босану болды, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 10%-ға аз (342 босану) (3726), мерзімінен бұрын босану – 207, 15% аз (36 босану), 2023 ж. (243).

Онкологиялық қызметінің қорытындысы бойынша тәулік бойы стационарда 4221 пациент емделді (2023 ж. - 4218 пациент). Күндізгі стационарда 740 пациент емделді (2023 – 739 пациент), Тәулік бойы стационардың төсектерінде болудың орташа ұзақтығы 13,3 (12,8-2023 жыл) құрады. Онкологиялық емханада 2024 жылдың 12 айында келушілер саны - 28225, бұл ұқсас кезеңге қарағанда 9,7% - ға көп, 2023ж. 12 айында – 25484.

Дерматовенерологиялық қызмет 2024 жылдың 12 айында барлығы - 988 пациент емделді, төсек жұмысы – 3342,4 құрады, орындау пайызы 113,0% - ға дейін өсті (2023 жылы-104,2%).

Жоғары технологиялық медициналық көмек (ЖТМК) операцияларының көлемі кеңеюі жалғастыруда. 2024 жылдың 12 айында ЖТМК бойынша келесі бейіндер бойынша 330 операция жасалды:

кардиохирургиялық - 215, нейрохирургиялық - 29, ангиохирургиялық - 65, ортопедиялық - 5, травматологиялық-12, кардиологиялық-4.

2024 жыл ішінде ресурстарды ұтымды және тиімді пайдалану мақсатында тәулік бойы және күндізгі стационарлардың сұранысқа ие бейіндері бойынша төсек-орындарды қайта бейіндеу және оңтайландыру жүргізілді:

- Онкологиялық пациенттерге арналған қалпына келтіріп емдеу және медициналық оңалту төсек-орындарын ашу: ересектерге арналған 5 паллиативтік көмек, 5 қалпына келтіріп емдеу және медициналық оңалту төсек-орнына қайта бейінделді.

- Қалпына келтіріп емдеу төсектерін 55-тен 65 төсекке дейін ұлғайту, паллиативтік көмек төсектерін 20-дан 25 төсекке дейін ұлғайту: тәулік бойы істейтін нефрологиялық 2 төсек-орын ересектерге арналған қалпына келтіріп емдеу кардиохирургиялық 2 төсек-орынға, тәулік бойы істейтін 1 урологиялық және 1 ортопедиялық төсек ересектерге арналған қалпына келтіріп емдеу травматологиялық 2 төсек-орынға, тәулік бойы істейтін 1 гинекологиялық пен неврология және қалпына келтіріп емдеу 1 төсек-орын, ересектерге арналған қалпына келтіріп емдеу нейрохирургиялық 2 төсек орынға, ересектерге арналған паллиативтік көмек 5 төсек-орынға қайта қайта бейінделсін.

- Терапиялық бейіндегі төсектерді 7 төсек-орынға ұлғайту: 2 радиологиялық төсек-орын 2 гастроэнтерологиялық төсек-орынға қайта бейінделді, онкологиялық бейіндегі ересектерге арналған 1 радиологиялық және 1 хирургиялық төсек-орындар, пульмонологиялық 2 төсек-орынға қайта бейінделсін. Химиотерапиялық 3 төсек орын (ересектерге арналған) гематологиялық 3 төсек-орынға қайта бейінделсін.

- 1 тәулік бойы күйік төсегі және 1 тәулік бойы травматологиялық бейіндегі төсек 2 тәулік бойы отоларингологиялық бейіндегі төсекке қайта бейінделсін. 2 ортопедия бейіні бойынша тәулік бойы төсек іріңді хирургия бейіні бойынша 2 тәулік бойы төсек орынға қайта бейінделсін. Тәулік бойғы 5 радиологиялық төсектің ішінен ревматологиялық бейінге арналған 2 төсекке, гематологиялық бейіндегі 2 төсекке, ересектерге арналған дерматовенерологиялық 1 төсекке қайта бейінделсін. 2 тәулік бойғы нейрохирургиялық 2 тәулік бойы жұмыс істейтін нейротамырлы төсекке қайта бейінделсін. 2 СЗТ радиологиялық бейіндегі төсек-орындар онкологиялық бейіндегі 2 СЗТ хирургиялық бейініне қайта бейінделсін. 2 СЗТ химиотерапиялық бейіндегі төсектер 2 СЗТ кеуде онкологиялық бейініне қайта бейінделсін.

Осылайша, стационар ТМККК және МӨМС бойынша тәулік бойы жұмыс істейтін 725 төсекке, 22 шаруашылық есептегі төсекке, 125 СЗТ төсегіне және емхана жанындағы 5 СЗТ төсегіне жұмыс істейді.

Материалдық-техникалық базаны жақсарту мақсатында есепті кезең ішінде 83 330 999 теңге сомасына өз қаражаты есебінен медициналық жабдық сатып алынды: диагностикалық ультрадыбыстық жүйе - 1, пациент мониторы - 6, эндоскопиялық инсуффлятор - 1, жаңа туған нәрестелердегі сарғаюды емдеуге арналған фототерапиялық сәулелендіргіш - 7, феталды монитор - 4, аккумуляторлы ортопедиялық бұрғы - 2, фотометр - 1.

Жергілікті бюджет қаражатынан 269 638 194 теңге сомасына медициналық жабдық сатып алынды: әмбебап операциялық үстелстол операционный универсальный - 4, жоғары ағынды сұйықтық жылытқышы - 3, босандыруға арналған трансформер кереует - 5, көп функционалды медициналық - 6, медициналық шам - 2, виброакустикалық аппарат - 1. Республикалық бюджеттен бөлінген қаражаттан жабдық сатып алынды - 1 245 161 237 теңге.

Ұйымдастырушылық іс-шаралар жоспарына сәйкес: теориялық конференциялар - 8; клиникалық-анатомиялық - 3; аурухана кеңесінің отырыстары - 11; емдеу-бақылау комиссиясы (ЕБК) - 21; өлім - жітімді зерттеу жөніндегі комиссия (ӨЖЗК) - 11; сараптамалық кеңес (СК) - 11 өткізілді.

2024 жылы барлық бейіндер бойынша 28 енгізу жасалды, оның ішінде хирургиялық бейін - 11, терапевтік бейін-5, перинаталдық қызмет-11, онкологиялық қызмет-2, параклиникалық қызмет-4.

Облыстық консультативтік емханада 34 мамандық бойынша бейінді мамандар қабылдануда. 2024 жылғы 12 айда емханаға келу саны: 100 653 пациент, оның ішінде 39 086 (38%) ауыл тұрғындары (2023 жылғы 12 ай - 104 814 пациент, оның ішінде - 45 218 (43%) ауыл тұрғындары). Мамандарға бару құрылымында ең көп сұранысқа ие бейіндер: дерматовенеролог - 17%, кардиолог және химиотерапевт - 13%, окулист және онкохирург - 9%, невропатолог және кеуде хирургы - 8%.

2024 жылдың 12 айында 3211 қашықтықтан консультация өткізілді. Оның ішінде Атбасар ауданы - 348; Ақкөл ауданы-348; Жарқайың ауданы - 373; Ерейментау ауданы - 296; Шортанды ауданы - 223; Сандықтау ауданы-223. Мамандар: онколог-534, эндокринолог-433, гематолог-374, ревматолог-345, кардиолог-338, невропатолог-223. Телемедицина форматында 2024 жылы мамандармен консультациялар өткізілді - 500 (оның ішінде видео-119), бұл 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 38,7% - ға аз, консультациялар 816 құрады (оның ішінде видео - 145).

КОА-да Пациентті қолдау және ішкі бақылау қызметі жұмыс істейді, оған ПҚ және ІБҚ басшысы, дәрігер сарапшы, БАҚ-пен жұмыс жөніндегі маман, медбике ісінің сарапшылары кіреді. Ішкі бақылаудың 10 комиссиясы құрылды және жұмыс істейді (сараптамалық кеңес, ЕБК, ӨЖЗК, ИБК және т. б.). Аурухана сайты аурухананың бірінші басшысының блогымен жұмыс істейді. "Сенім телефоны" 31-61-47 жұмыс уақытында және 44-21-47 тұрақты режимде жұмыс істейді. Жұмыс уақытында «Call centre» 44-50-48, 87084445048 жұмыс істейді.

Ағымдағы жылдың 23 тамызында «Бір күндік клиника» жобасы шеңберінде көпбейінді облыстық аурухананың перинаталдық орталығына скрининг жүргізу үшін аппарат сатып алынды. Құрылғы жүктіліктің бірінші триместрінде хромосомалық патологияларды анықтауға мүмкіндік береді. Болашақ ана үшін тамырдан қан тапсыру жеткілікті және жарты сағаттан кейін ол нәтиже алады. Қандай да бір ауытқулар немесе қауіптер анықталған жағдайда пациентпен қажетті медициналық шараларды қабылдайтын генетик дәрігерлері жұмыс істейді. Бұл Даун, Патау, Эдвардс синдромдары сияқты аурулардың алдын алуға көмектеседі.

Ағымдағы жылдың 23 тамызында онкологиялық орталықта госпиталды фармация бөлімі (ГФБ) өз жұмысын бастады. ГФБ негізгі міндеті пациенттерге олардың қажеттіліктері мен жеке ерекшеліктерін ескере отырып, жоғары сапалы медициналық көмек көрсету үшін дәрі-дәрмектерді қауіпсіз, ұтымды және тиімді басқаруды жақсарту болып табылады. Сонымен қатар, медициналық мекемеде клиникалық фармацияның мамандандырылған секторының болуы айтарлықтай артықшылық береді, өйткені бұл дәрі-дәрмектердің айналымын басқаруды нақты жүйелеуге мүмкіндік береді.

Ағымдағы жылдың 29 тамызында Петропавл қ. көпбейінді облыстық ауруханасының, Тайынша көпсалалы ауданаралық ауруханасының, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық ауруханасының (СҚО) өкілдері Ақмола облысының Денсаулық сақтау басқармасымен бірлесіп, СҚО медициналық мекемелерінде осы бөлімнің оң тәжірибесін зерделеу және енгізу үшін Көкшетау қ. көпбейінді облыстық ауруханасының госпиталды фармация бөлімінің жұмысымен танысты. Бүгінгі күні ГФБ көпбейінді облыстық ауруханада, оның ішінде онкологиялық және перинаталдық орталықтарда енгізілді. Госпиталды фармация бөлімі - Көкшетау қ. КОА негізгі стационарының базасында 2020 жылдың қыркүйегінде ашылған инновациялық бөлім. Госпиталды фармация бөлімі жұмысының негізгі мақсаты дәрілік терапияны есепке алудың дербестендірілген жүйесінің тиімді жұмыс істеуі болып табылады. Бұл ретте шұғыл медициналық көмек көрсетуге арналған дәрілік

препараттардың көлемі клиникалық бөлімше деңгейінде әлі де қолжетімді, ал дәрілік препараттарды беру әрбір пациент үшін медициналық ақпараттық жүйе арқылы бөлімшелердің өтінімдері бойынша жүзеге асырылады.

А. ж. 17 қазанда көпбейінді облыстық аурухананың онкологиялық орталығының ғимаратында ҚазКСР еңбек сіңірген дәрігері Өмірбек Байкеновтың 90 жылдығына арналған мемориалдық тақта орнатылды. Өмірбек Кәкімұлы 1961 жылдан 2002 жылға дейін Ақмола онкологиялық диспансерін басқарды. Іс-шара аясында онкологиялық орталықта «Ауыл тұрғындарына онкологиялық көмекті дамыту мәселелері, перспективалары» атты ғылыми-практикалық конференция өткізілді. Конференцияның мақсаты-облыста онкологиялық көмекті ұйымдастыру, тәжірибе алмасу, күрделі клиникалық жағдайларды, қатерлі ісіктердің алдын алу саласындағы жетістіктерді зерттеу. Конференция барысында онкологиялық аурулардың алдын алу, бақылау және емдеу, диагностика, емдеу, паллиативтік көмек және онкологиялық оңалту мәселелері көтерілді. Сондай-ақ онкохирургия, кеуде хирургиясы бөлімшелерінде мастер-кластары өтті. Жоғары білікті санатты уролог-дәрігер Хусан Умурзаков жоғары технологиялық операция жасап, онкологиялық орталықтағы әріптестерімен өз тәжірибесімен бөлісті. Дәрігер Ақмола дәрігерлерінің жоғары біліктілігін атап өтіп, өңір мамандары кез келген күрделі операцияларды орындауға қабілетті екенін және сол арқылы көптеген пациенттердің өмірін сақтап қалатынын атап өтті.

Мастер-кластар мен конференциялар:

А.ж. 18 қаңтарда көпбейіді облыстық аурухана базасында медицина қызметкерлеріне арналған семинар өткізілді. Республиканың бас инфекционисті-Бахыт Нургалиевна Кошерована жүкті әйелдерде ЖРВИ, қызылша, менингококк инфекциясы және сепсисті емдеу тақырыбында баяндама жасады.

Ағымдағы жылдың 19 қаңтарында көпсалалы облыстық аурухана базасында Көкшетау қаласының медициналық ұйымдарының дәрігерлерінің қатысуымен «Обструктивті ұйқы апноэ синдромы және пиквик синдромы: пәнаралық өзара іс-қимылдың өзекті мәселелері» тақырыбында мастер-класс өткізілді. Баяндамашы: Пак Алексей Михайлович - км. ғ. к., «Ұлттық ғылыми медициналық орталық» АҚ ішкі медицина институтының директоры, «Ұлттық респираторлық медицина қоғамы» ОО төрағасы. Бұл тақырып маңызды және өзекті, өйткені мамандандырылған медициналық қызметтердің мамандары пациенттердің осы санатына тап болады. Осы патологиясы бар екі пациентке талдау ұйымдастырылды.

А.ж. 26 қаңтарда тыныс алу терапиясы саласындағы білім мен практикалық дағдыларды арттыру мақсатында көпбейінді облыстық аурухана базасында Ақмола облысының емдеу-профилактикалық мекемелерінің дәрігерлері үшін мастер-класс өткізілді. Мастер-класс ұйымдастырушысы Қазақстандағы медициналық жабдықтарды жеткізуші болды. Астана қалалық ауруханасының анестезиолог-реаниматологы Воробьев Александр Александрович баяндама жасады. Ересектерге, балаларға және неонатальды пациенттерге арналған бифокальды виброакустикалық терапияға арналған аппаратты және желдеткіштерді практикалық қолдану тақырыбы стационар дәрігерінің күнделікті тәжірибесінде өзекті болып табылады.

А.ж. 20 ақпанда көпсалалы облыстық ауруханада м.ғ.д., профессор, ҚР ДСМ бас штаттан тыс анестезиологы Жумадилов Агзам Шаймарданович қатысуымен төрт күндік семинар өтті. Жұмысқа анестезиолог-реаниматологтар, АМСК, өңірдегі емханалар мен стационарлардың акушер-гинекологтары қатысты. «Халықаралық тәжірибені ескере отырып, акушерлік анестезиология мен қарқынды терапияның өзекті мәселелері» тақырыбында мастер-класс өткізілді, ол сепсиспен, эклампсиямен, преэклампсиямен күресу, жүкті әйелдер мен босанатын әйелдерде қан кету қаупінің алдын алу мәселелерінде маңызды құрал болуға тиіс.

Ағымдағы жылдың 28 ақпанында № 2 терапия бөлімшесінің меңгерушісі Марина Владимировна Альжанова ревматоидты артритпен ауыратын науқастарды емдеуде «Биологиялық терапияны ерте бастаудың маңызы» тақырыбында баяндама жасады. Семинарға қалалық медициналық ұйымдардың ревматологтары мен терапевттері қатысты.

Ағымдағы жылдың 3 сәуірінде Ақмола облысының зертхана мамандары үшін «ВОК - зертхана қызметін дамыту перспективасы» тақырыбында көпбейінді облыстық аурухана базасында семинар өткізілді. Клиникалық-диагностикалық зертханаларда орындалатын зерттеулердің сапасын сырттай бағалау олардың клиникалық зертханалық диагностиканың дұрыстығы мен тиімділігін қамтамасыз етудің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Сыртқы бағалауға тұрақты қатысу Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттарымен және нормативтік құжаттарымен айқындалған.

Ағымдағы жылдың 26 сәуірінде директордың онкологиялық қызмет жөніндегі орынбасары Б.К.Абишев Көкшетау қалалық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің қызметкерлерімен адам папилломавирусына қарсы иммундау мәселелері бойынша «Жатыр мойнының қатерлі ісігі туралы» баяндама жасады. Осы тақырыптың

жалғасында КОА онкогинекологы А.С.Жармухамбетова Ақмола облысында 11 жастағы қыздарды адам папилломавирусына қарсы вакцинациялауды енгізу жөніндегі жоспарды іске асыру туралы семинарында «АПВ-инфекциясы: сырқаттанушылықтың таралуы, қауіп факторлары, клиникалық көріністер және диагностика» тақырыбында баяндама жасады.

Ағымдағы жылдың 4 мамырында анестезиология және реанимация бөлімшесінің ұжымымен облыстық аурухананың клиникалық бөлімшелерінің медбикелеріне арналған теориялық конференция өткізілді. Баяндамашылар, медбикелер: Базарбекова Г.Д., Багрейчук Н.Н., Нуртазина М.Б., Зиновик И.А., Сансызбаева А.К., Ахметова Ж.А., Безуглая Г.Ю., Абдрахманова Г.Б.

А.ж. 16-17 мамыр көпбейінді облыстық аурухана базасында Ұлттық ғылым академиясының академигі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ Басқарма Төрағасы, еліміздің бас штаттан тыс нейрохирургы Серик Акчулаков, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық гепатолог-хирургтар қауымдастығының мүшесі Серик Тоқпанов, клиникалық және іргелі медициналық ғылымдар академиясының академигі, «Астана» медицина университетінің профессоры, онкология кафедрасының меңгерушісі Абай Макишев, жоғары санатты хирург-дәрігер, Сызғанов атындағы хирургия ғылыми орталығы бөлімшесінің меңгерушісі Максат Досханов және басқа да танымал дәрігерлердің қатысуымен «Шұғыл абдоминальды хирургияның өзекті мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Олар күрделі операциялар жасап, ауруханаларда емделіп жатқан аймақ тұрғындары үшін онкологиялық хирургиялық аурулар мен жалпы медицина бойынша 50-ге жуық кеңес берді.

Ағымдағы жылдың 26 маусымында Ақмола облысы халқының онкологиялық ауруларын ерте сатысында анықтауды жақсарту мақсатында «Көпбейінді облыстық аурухана» ШЖҚ МКК онкологиялық орталығының базасында сәулелік диагностиканың өзекті мәселелері бойынша екі күндік мастер-класс өткізілді.

Баяндамашылар:

✓ Рахымжанова Раушан Ибжановна-академик Ж.Х.Хамзабаев атындағы радиология ҒЗИ директоры, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, профилактикалық медицина академиясының академигі, Еуропалық радиологиялық Қоғамның Басқарма мүшесі, «Қазақстандық радиологиялық қоғам» РОО президенті, кафедраның құрметті меңгерушісі, м.ғ.д., профессор.

✓ Әбдірахманова Жанар Сагатбековна-академик Ж.Х.Хамзабаев атындағы кардиология ҒЗИ директорының орынбасары, медицина ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор.

✓ Қожахметова Жанар Жаныбековна-аға ғылыми қызметкер, кафедра

доценті, м.ғ.к., жоғары санатты ультрадыбыстық диагностика дәрігері.

✓ Туржанова Динара Ерлановна-медицина ғылымдарының магистрі, РНд докторы, кафедра доценті, жоғары санатты радиолог дәрігер. Дәріскерлер ҚР-дағы радиологияның қазіргі жай-күйі мен сәулелік диагностика мамандарын даярлаудың өзекті тақырыптары бойынша баяндамалар жасады, сүт бездерінің патологиясын диагностикалаудағы инновациялық технологиялар, практикалық денсаулық сақтаудағы ультрадыбыстық диагностиканың заманауи мүмкіндіктері туралы айтып, практикадағы клиникалық жағдайларға талдау жүргізді.

Ағымдағы жылдың 27-28 маусымында Көкшетауда «Дерматовенерологтардың, дерматокосметологтардың және лепрологтардың 20 өңірі» атты өңірлік ғылыми-практикалық семинар өткізілді. Витилиго және созылмалы дерматозы бар көпбейінді облыстық аурухананың дерматовенерологиялық орталығының пациенттеріне консультациялар ұйымдастырылды. Бұл Көкшетаудағы осы тақырып бойынша алғашқы ауқымды шара. Қазақ Дерматология және жұқпалы аурулар ғылыми орталығы ұйымдастырған іс-шараға дерматовенерологтар, дерматокосметологтар және лепрологтар қоғамымен серіктестікте Қазақстан мен Қырғызстаннан 120 маман қатысты. Семинар шеңберінде биологиялық терапия, дерматохирургия және фототерапия сияқты тері ауруларын емдеудің тиімді әдістеріне арналған дәрістер, презентациялар және мастер-кластары өтті. Пәнаралық ынтымақтастық пен озық тәжірибемен алмасуға ерекше назар аударылады.

Ағымдағы жылдың 4 шілдесінде көпбейінді облыстық аурухана базасында Еуразиялық онкологтар қауымдастығының тең төрағасы және халықаралық дипломнан кейінгі білім беру институтының онкология кафедрасының меңгерушісі, профессор Нурлан Турсунович Балтабеков үш күндік семинар-дәріс өткізді. Дәріс көпбейінді облыстық аурухана базасында ұйымдастырылды. «Өкпе, асқазан-ішек жолдары, бауыр және ұйқы безі қатерлі ісіктерін қоса алғанда АМСК деңгейіндегі қатерлі ісіктерді ерте диагностикалау алгоритмі» тақырыбында семинар 3-5 маусым аралығында өткізілді. Семинарға АМСК бас дәрігерлерінің орынбасарлары, онколог-дәрігерлер және пациенттің бағыты мен онкомаркерлерді бақылауға жауапты тұлғалар қатысты.

Ағымдағы жылдың 4 шілдесінде Ақмола облысы халқының онкологиялық ауруларын ерте сатысында анықтауды жақсарту мақсатында «Көпбейінді облыстық аурухана» ШЖҚ МКК онкологиялық орталығының базасында сәулелік диагностиканың өзекті мәселелері бойынша екі күндік мастер-класс өткізілді. Дәріскерлер ҚР-дағы радиологияның қазіргі жай-күйі

мен сәулелік диагностика мамандарын даярлаудың өзекті тақырыптары бойынша баяндамалар жасады, сүт бездерінің патологиясын диагностикалаудағы инновациялық технологиялар, практикалық денсаулық сақтаудағы ультрадыбыстық диагностиканың заманауи мүмкіндіктері туралы айтып, практикадағы клиникалық жағдайларға талдау жүргізді.

Ағымдағы жылдың 29 шілдесінде «Инсульт. Оңалту. Дәрі-дәрмекпен қолдау». Спикер: м.ғ.к., Ақмола облысы ДСБ бас штаттан тыс невропатологы, неврологиялық бөлімшесінің меңгерушісі М.Б.Мартазанов. Конференцияның басты мақсаты инсультпен ауыратын пациенттерді жүргізу тактикасына өзекті тәсілдер туралы ақпарат беру арқылы дәрігерлердің құзыреттілік деңгейін арттыру болды. Іс-шара барысында алынған білім дәрігерлерге инсультпен ауыратын науқастарды диагностикалаудың, емдеудің, оңалтудың заманауи әдістерін күнделікті клиникалық практикасына енгізуге, пациенттің жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ықтимал асқыну қаупін болдырмай, терапияның ең тиімді әдістерін таңдауға көмектеседі. Конференцияға zoom-платформа арқылы аудандық медициналық ұйымдардың неврологтары да қатысты.

Ағымдағы жылдың 16 тамызында МОБ перинаталдық орталығының базасында мастер-класс өтті, оның барысында Астана қаласының Ана мен бала орталығының акушер-гинекологы пациенттер үшін күрделі операциялар жүргізді. Профессор Г.Токтарбеков өз сөзінде КОА перинаталдық орталығының гинекологиялық бөлімшесі дәрігерлерінің кәсібилігінің жоғары деңгейін және медицина қызметкерлері арасында білім мен тәжірибе алмасуды нығайту үшін осындай мастер кластарды өткізудің маңыздылығын атап өтті.

Ағымдағы жылдың 29 тамызында көпбейінді облыстық аурухана базасында м.ғ.д., профессор Г.К.Жусупованың қатысуымен «Жүрек жеткіліксіздігі бар коморбидті пациенттің клиникалық диагностикасы» тақырыбында конференция өтті. Сондай-ақ, бас штаттан тыс эндокринолог Н.К.Кенжетаеваның «2 типті қант диабеті кезіндегі эмпаглифлозин» тақырыбындағы баяндамасы тыңдалды. Конференцияға кардиологиялық қызмет, терапиялық бейіндегі және жедел жәрдем бөлімшесінің дәрігерлері қатысты.

А.ж. 16 қазанда Көкшетауда 1961 жылдан 2002 жылға дейін Ақмола онкологиялық диспансерін басқарған ҚазССР еңбек сіңірген дәрігері Өмірбек Кәкімұлы Байкеновтың 90 жылдығына орай «Ауыл халқына онкологиялық көмекті дамыту мәселелері мен перспективалары» атты ғылыми-практикалық конференция өтті. Іс шараның ұйымдастырушысы КОА онкологиялық орталығы болды. Конференция аясында жоғары білікті

санатты уролог-дәрігер Х.Умурхаков жоғары технологиялық операцияны жасап, онкологиялық орталықтағы әріптестерімен өз тәжірибесімен бөлісті. Өз сөзінде ол Ақмола дәрігерлерінің жоғары біліктілігін, өңір мамандары кез келген күрделі операцияларды орындайтынын және сол арқылы көптеген пациенттердің өмірін сақтап қалатынын атап өтті.

Ағымдағы жылдың 18 қазанында еліміздің жетекші онколог-хирургтары Көкшетау көпбейінді облыстық ауруханасының онкологиялық орталығында мастер-класс өткізді. Ақмола дәрігерлері еліміздің үздік отандық хирургтарының тәжірибесін қабылдауда. Қазақстандық хирургтар онкологиялық аурулары бар пациенттерге күрделі және жоғары технологиялық операцияларды жүргізді. Мастер-кластарда олар жергілікті мамандармен практикалық тәжірибемен бөлісті және заманауи емдеу әдістерін көрсетті, соның ішінде орган сақтайтын операция жасалды.

Ағымдағы жылдың 22 қарашасында Ақмола облысында травматолог-ортопедтер қоғамының бірінші отырысы өтті. Көпбейінді облыстық ауруханада өңірдегі травматологиялық көмекті жақсартуға бағытталған іс-шара өтті. Отырыс барысында қол хирургиясындағы заманауи тәсілдер, эндопротезден кейін науқастарды жүргізу бойынша ұсыныстар, емдеуде Флексатронды қолдану, сондай-ақ балалардағы сынықтарды емдеу және күйік жараларында дің жасушаларын қолдану мәселелері талқыланды.

А. ж. 22 қарашада көпбейінді облыстық аурухананың жақ-бет хирургиясы бөлімшесінде Қарағанды қ. ММУ жақ-бет хирургы Асет Рымханович Тулкумбаевтың қатысуымен жақ ақаулары болған кезде пластикалық операция бойынша мастер класс өткізілді.

**КӨПБЕЙІНДІ ОБЛЫСТЫҚ АУРУХАНА
АУРУХАНА КЕҢЕСІНІҢ ШЕШІМІ
№ 12**

*Көпбейінді облыстық аурухананың
2024 жылға арналған негізгі
ұйымдастырушылық іс-шаралар
жоспарын және жұмыс регламентін
бекіту туралы*

2024 жылғы 30 желтоқсан

Негізгі ұйымдастырушылық іс-шаралар жоспарының жобасын және көпсалалы облыстық аурухананың 2024 жылға арналған жұмыс регламентін қарастыра отырып, аурухана Кеңесі шешім қабылдады:

- Көпбейінді облыстық аурухананың 2025 жылға арналған негізгі ұйымдастырушылық іс шаралар жоспары бекітілсін;
- Клиникалық, параклиникалық бөлімшелердің, құрылымдық бөлімшелердің жұмыс жоспары қосымшаға сәйкес бекітілсін;
- Көпбейінді облыстық аурухананың 2025 жылға арналған жұмыс регламенті бекітілсін.

Аурухана кеңесінің төрағасы:

Жаров Н.К.

Хатшы:

Горлачева Ю.В.

**КӨПБЕЙІНДІ ОБЛЫСТЫҚ АУРУХАНА
АУРУХАНА КЕҢЕСІНІҢ ШЕШІМІ
№ 12**

*Аурухана кеңесінің
құрамын бекіту туралы*

2024 жылғы 30 желтоқсан

Аурухананың Ережесі мен Жарғысына сәйкес аурухана кеңесі шешім қабылдады:

1. Аурухана кеңесі келесі құрамда бекітілсін:

Төраға: Жаров Н.К.

Төраға орынбасары: Раева А.К.

Хатшы: Горлачева Ю.В.

Аурухана кеңесінің мүшелері:

- Директордың орынбасарлары, қызмет басшылары;
- Клиникалық және параклиникалық бөлімшелердің меңгерушілері;
- эпидемиолог;
- кәсіподақ комитеттерінің төрағалары;
- ғылыми бөлімінің меңгерушісі;
- клиникалық фармаколог.

Аурухана кеңесі өз жұмысында көпбейінді облыстық аурухананың Ережесі мен Жарғысын басшылыққа алады.

Аурухана кеңесінің жұмысы көпбейінді облыстық аурухананың негізгі ұйымдастырушылық іс шаралар жоспарына сәйкес жүргізіледі.

Аурухана кеңесінің төрағасы:

Жаров Н.К.

Хатшы:

Горлачева Ю.В.

АУРУХАНА КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСТАРЫН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

- Аурухана Кеңесінің отырысы бекітілген жоспарға сәйкес айдың соңғы жұмасында өткізіледі. Аурухана кеңесінің кезектен тыс отырысы аурухана кеңесі Төрағасының нұсқауы бойынша өткізіледі.
- Аурухана Кеңесінің отырысына аурухана кеңесінің мүшелері қатысады және қажет болған жағдайда мүдделі мамандар шақырылады.
- Аурухана кеңесінің отырыстарында мәселелерді қарастыру үшін дайындауды директордың орынбасарлары, аурухана кеңесінің мүшелері жүзеге асырады. Аурухана кеңесіне материалдар дайындау үшін бөлімше меңгерушілері, ординатор дәрігерлер және бөлімшелердің басқа да қызметкерлері тартылады. Баяндамалар аурухана кеңесінің Төрағасы мен Төрағасының орынбасарына отырысқа 2 күн бұрын беріледі.
- Аурухана кеңесіне ұсынылатын шешім жобасы қысқаша болуға, талқыланатын мәселе бойынша істердің жағдайын талдауды және бағалауды қамтуға, жұмысты жақсарту жөніндегі нақты іс-шараларды, орындау мерзімдерін, жауапты орындаушыларды көздеуге тиіс, отырысқа дейін 3 күн бұрын аурухана Кеңесі төрағасының орынбасарымен алдын ала келісіледі.
- Ұсыныстар мен ескертулерді ескере отырып түзетулер енгізілгеннен кейін аурухана кеңесі шешімінің жобасы аурухана кеңесінің отырысында бекітіледі.
- Аурухана кеңесінің шешімдерінің орындалуын бақылау директордың курация бөлімдері жөніндегі орынбасарларына, қызмет басшыларына жүктеледі.

КӨПБЕЙІНДІ ОБЛЫСТЫҚ АУРУХАНАНЫҢ ЖҰМЫС РЕГЛАМЕНТІ

№	ІС-ШАРАНЫҢ АТАУЫ	Өткізу уақыты	Өткізудің басталуы	Өткізу орны
1.	Аурухана кеңесінің отырысы	Айдың соңғы жұмасы	15.00	Мәжіліс залы
2.	Жалпы дәрігерлік конференция	Апта сайын жұма	08.30	Конференц-зал
3.	Жедел кеңес: - хирургтармен - терапевттермен - онкологиялық қызметпен - перинаталдық қызметпен	Апта сайын дүйсенбі сейсенбі сейсенбі дүйсенбі	10.30 08.50 16.00 16.00	Мәжіліс залы
4.	- ДСБ жанындағы "Акушерлік сағатқа" қатысу; - онкология мәселелері бойынша апта сайынғы кеңестерге қатысу.	Әр бейсенбі	15.00 16.00	Мәжіліс залы
5.	Аға медбикелер мен шаруашылық бикелерімен кеңес	Апта сайын сәрсенбі	11:30 12.00	Мәжіліс залы
6.	Сараптама кеңесінің ктырысы	Әр айдың 5-і	14.15	Мәжіліс залы
7.	Емдеу-бақылау комиссиясының отырысы	Қажет болған жағдайда	15.00	Мәжіліс залы
8.	Ішкі бақылау комиссияларының отырыстары (ИБК, ӨЖЗК, формулярлық комиссия және т. б.)	Ай сайын	15.00	Мәжіліс залы
9.	Мамандар күндері: облыстық денсаулық сақтау басқармасының және облыстың бас штаттан тыс мамандарының тақырыптық жоспарына сәйкес	Жоспар бойынша	10.00	Конференц-зал
10.	Ғылыми-теориялық конференциялар	Айдың үшінші сәрсенбісі (жоспар бойынша) және қажет болған	15.00	Конференц-зал

		жағдайда		
11.	Клиникалық-анатомиялық конференциялар	Қажет болған жағдайда	15.00	Конференц-зал
12.	Облысты МҰ жоспарлы шығулар	ҰӘБ жоспары бойынша	08.30	Облыстың МҰ
13.	Селекторлық кеңестер	Жоспар бойынша	-	«Теле-медицина» орталығы
14	Бөлімшелерді қарап өту, консилиумдар, ауыр науқастарды тексеру, операциялар жүргізу	Күн сайын	с 09.00	Клиникалық, параклиникалық бөлімшелер

**2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН КӨПБЕЙІНДІ ОБЛЫСТЫҚ АУРУХАНА
ЖҰМЫСЫНДАҒЫ БАСЫМ БАҒЫТТАР**

№	ІС-ШАРАЛАР	ОРЫНДАУ МЕРЗІМІ	ЖАУАПТЫЛАР
1	2021-2025 жылдарға арналған "Дені сау ұлт" әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау" ұлттық жобасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Жыл бойы	Әкімшілік
2	2023-2027 жылдарға арналған онкологиялық аурулармен күрес жөніндегі кешенді жоспарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Жыл бойы	Директордың онкологиялық қызмет жөніндегі орынбасары
3	2023-2026 жылдарға арналған ҚР-да ана мен баланы қорғау жөніндегі тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-шаралар. ҚР-да акушерлік-гинекологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын іске асыруда бақылауды күшейту.	Жыл бойы	Директордың ана мен бала қызметі жөн.орынбасары
4	ҚР-да 2024-2026 жылдарға арналған БСК, инсульт және жарақат кезінде медициналық көмек көрсетуді жетілдіру бойынша Жол карталарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар.	Жыл бойы	Әкімшілік, ДСБ штаттан тыс бас мамандары
5	Аурухананың материалдық-техникалық базасын одан әрі дамыту және нығайту, халықаралық стандарттарға сай келетін заманауи емдеу-диагностикалық аппаратураны сатып алу үшін бюджеттен қаржы ресурстарын тиімді пайдалану, мемлекеттік сатып алу туралы заңын қатаң сақтау.	Жыл бойы	Әкімшілік, бухгалтерия, ЖЭБ
6	ДСБ мен КОА арасында меморандум индикаторларын орындау, пациенттердің қажетті көлемде уақтылы, қолжетімді, сапалы және қауіпсіз медициналық	Жыл бойы	Әкімшілік, ПҚ және ІБК, бөл.менгерушілері

	көмек алу құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында облыстық аурухана стационарының көрсеткіштерін жақсарту		
7	Диагностика және емдеу хаттамаларын орындау, төсек-орындарды қайта бейіндеу, емдеу – диагностикалық процеске инновациялық технологияларды енгізу, ОАХ жұмысы мен төсек-орындардың СЗТ қызметін жандандыру арқылы медициналық қызметтер көрсетудің қолжетімділігі мен сапасын арттыру, госпитальдық сервисті дамыту.	Жыл бойы	Әкімшілік, ПҚ және ІБК, бөл.меңгерушілері, ғылыми бөлім
8	Жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету спектрін кеңейту	Жыл бойы	Директордың орынбасарлары, бөл. меңгерушілері
9	Ұрықты қорғау орталығы және бір күндік клиникасы бар перинаталдық орталықтың консультативтік-диагностикалық бөлімшесін одан әрі дамыту	Жыл бойы	Директордың ана мен бала қызметі жөн. орынбасары, ұрықты қорғау орталығының басшысы
10	Сараптамалық эндоскопиялық орталықты ашу	Жыл бойы	Әкімшілік, бөлімше меңгерушілері, ақпараттық-талдау орталығы, телемедицина орталығы.
11	Қашықтықтан консультация беру орталығын ашу және дамыту	Жыл бойы	Әкімшілік, бөлімше меңгерушілері, ақпараттық-талдау орталығы, телемедицина орталығы.
12	Облыстың ауылдық денсаулық сақтау саласына жоспарлы-консультациялық және	Жыл бойы	Әкімшілік, бөлімше меңгерушілері,

	ұйымдастырушылық-әдістемелік көмек: - облыстық аурухананың мамандарымен телемедицина орталығының желісі бойынша облыстың медициналық ұйымдарынан пациенттерге кеңес беру; - виртуалды консилиумдарды дамыту; - көпбейінді орталық аудандық ауруханаларды ұйымдастыруға және дамытуға қатысу - облыс мамандарының кураторлық жоспар бойынша аудандардың МҰ жоспарлы сапарлары		ақпараттық-талдау орталығы, телемедицина орталығы.
13	Қосалқы мердігерлік шеңберінде клиникалық-диагностикалық қызметтер тізбесін кеңейту	Жыл бойы	АЕК басшысы, бөл.меңгерушілері
14	Пациентті қолдау және ішкі бақылау қызметінің тұрақты жұмысы арқылы ішкі аудитті одан әрі жетілдіру: сараптамалық кеңес, емдеу-бақылау комиссиясы, өлім-жітімді зерттеу жөніндегі комиссия, инфекциялық бақылау комиссиясы, трансфузиялық терапияны бақылау жөніндегі комиссия және т. б., медициналық қызметтердің сапасын бағалау индикаторларын талдау	Жыл бойы	Әкімшілік, Комиссия төрағалары, мүшелері, ПҚ және ІБҚ
15	Әлеуметтік маңызы бар аурулардың, жаман әдеттердің алдын алу, СӨС насихаттау бойынша белсенді жұмыс жүргізу.	Жыл бойы	Администрация, заведующие отделениями, кабинет ЗОЖ, школы здоровья
16	Инфекцияның алдын алу және инфекциялық бақылау бойынша озық тәжірибелерді енгізу. Инфекциялық бақылау бағдарламасын іске асыру, КОА инфекцияның таралуын болдырмау	Жыл бойы	Әкімшілік, бөл. меңгерушілері, эпид.бөлім

